



Қазақстан Республикасының көмірсутегі кен орындарының өнімді қабаттарына көмірсутегі газдарын айдау кезіндегі өнеркәсіп қауіпсіздігі ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі N 177 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 12 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2555. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің 2012 жылғы 14 маусымдағы № 103 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мұнай және газ министрінің 2012.06.14 № 103 Бұйрығымен.

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасының көмірсутегі кен орындарының өнімді қабаттарына көмірсутегі газдарын айдау кезіндегі өнеркәсіп қауіпсіздігі ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. Мұнай өнеркәсібі департаменті осы Ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңнамамен белгіленген тәртіппен тіркетсін.

3. Осы Ереженің орындалуын бақылау Мұнай өнеркәсібі департаментіне жүктелсін (Исаев М.И.).

Министр

Келісілді

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар жөніндегі

агенттігінің төрағасы

5 қазан 2003 ж.

Қазақстан Республикасы
Энергетика және минералдық
ресурстар министрінің
2003 жылғы 25 қыркүйектегі
N 177 бұйрығымен
Бекітілді

Қазақстан Республикасының көмірсутегі кен орындарының өнімді қабаттарына көмірсутегі

газдарын айдау кезіндегі өнеркәсіп қауіпсіздігі

Ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының көмірсутегі кен орындарының өнімді қабаттарына көмірсутегі газдарын айдау кезіндегі өнеркәсіп қауіпсіздігі ережесі (бұдан әрі - Ереже) көмірсутегі газдарын (бұдан әрі - КСТГ), оның ішінде құрамында күкіртсутегі барларын өнімді қабаттарға айдау кезіндегі орындалуы құрғақта, теңіз бен ішкі су қоймаларында орналасқан Қазақстан Республикасының көмірсутегі кен орындарындағы жұмыстардың қауіпсіз өндірісін қамтамасыз етудің міндетті шарты болып табылатын төтенше жағдайлардың алдын алу, адамдардың денсаулығы мен өмірін, қоршаған ортаны қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының "Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы", "Мұнай туралы", "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" заңдардың және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес әзірленді.

Z 1 0 0 2 9 1

қ а р а ң ы з

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мұнай және газ министрінің м.а. 2010.07.21 N 252 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

2. Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) геодинамикалық мониторинг - жер қойнауының бүгінгі геодинамикалық жайының деңгейіне баға беру;

2) отты жұмыстар - электр газбен дәнекерлеуді қолдану арқылы жүргізілетін жұмыстар;

3) өнеркәсіптік объектінің қауіпсіздік декларациясы - өнеркәсіптік объектідегі мүмкін болатын төтенше жағдайлардың сипаты мен ауқымы туралы хабар беретін және пайдалануға беру, оның жұмыс істеуі мен пайдаланудан шығуы сатыларында төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөнінде меншік иесі қабылдаған шаралар туралы жариялайтын құжат;

4) сейсмикалық жағдайлар мониторингі - қаралатын аудандағы жер сілкінісінің кеңістікте-уақытша бөлінуін және көрсетілген процестің уақыт ішінде өзгеру динамикасын зерделеу;

5) Оператор - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыретті органның жазбаша хабарламасы бойынша жер қойнауын пайдаланушылар құратын немесе белгілейтін, келісім-шартты орындауға байланысты қызметті жедел басқаруды және есепке алу-есеп беру операцияларын жүзеге асыратын заңды тұлға, оның іс-әрекеті үшін жер қойнауын пайдаланушы мемлекет алдында мүліктік жауапкершілікте болады;

6) газды дайындау - газ сығушы ұңғымаларға КСТГ қысу және айдау алдында дайындалатын технологиялық процесс;

7) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

8) құзыретті орган – Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен бекітілмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға және өңдеуге келісімшарттарды қоспағанда, бірлескен барлау мен өңдеуге, барлауға, өңдеуге келісімшарттарды жасасуға және орындауға байланысты құқықтарды жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының атынан іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мұнай және газ министрінің м.а. 2010.07.21 N 252 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

3. Осы Ереже құрғақта, теңізде және ішкі су қоймаларында орналасқан КСГ өнімді қабаттарға айдау жүзеге асырылатын және өнімді қабатқа айдау үшін жабдықтарды жобалау мен пайдалануды қамтитын Қазақстан Республикасының көмірсутегі кен орындарында қолдануға жатады.

4. Осы Ережелерде қарастырылмаған жағдайлар туындағанда Оператор қосымша қауіпсіздік шараларын уәкілетті органмен келісіп жасауы керек.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мұнай және газ министрінің м.а. 2010.07.21 N 252 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

5. КСГ өнімді қабатқа айдау арқылы көмірсутегі (бұдан әрі - КС) кен орнын игеруші оператордың "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қауіпті тау-кен өндірісін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалануға лицензиясы болуы керек және белгіленген тәртіппен "Өнеркәсіптік объект қауіпсіздігі декларациясын ұсыну ережелері мен нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 мамырдағы N 764 қаулысына сәйкес белгіленген тәртіппен өнеркәсіптік қауіпсіздік объектісінің Декларациясын жасайды және бекітеді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мұнай және газ министрінің м.а. 2010.07.21 N 252 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

6. Оператор осы Ереже мен өнеркәсіп, өрт, санитарлық және экологиялық қауіпсіздік жөніндегі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес КСГ айдау жүйесін жобалау және игеруді жүзеге асырады, сондай-ақ белгіленген тәртіппен КСГ айдау жүйесінің техникалық жобасын бекітеді.

7. Оператордың мұнайгаз саласындағы өнеркәсіптік қауіпсіздік жөнінде, оның ішінде КСГ өнімді қабатқа айдау жөнінде өндірістік нормативтік-техникалық құжат (бұдан әрі - НТҚ) базасы болуы керек және оны ол әрдайым жаңалап отыруы керек.

8. Оператор персоналды жұмыс қауіпсіздігі үшін қажетті құжаттамалармен қамтамасыз етеді және есепке алатын құжаттамаларды жүргізеді.

9. Оператор КСГ айдайтын барлық объектілерде ауа райының қолайсыздығы мен төтенше жағдай туындауы мүмкін жағдайларда жұмысты тоқтату туралы нұсқау әзірлейді.

10. Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен сертификациядан өткен және өнеркәсіпте қолдануға рұқсаты бар қауіпті өндірістік объектілерде техникалық қондығыларды, жабдықтарды, материалдар мен бұйымдарды пайдаланады.

11. Оператор тиісті өкілеттіктерді ресімдей отырып, жұмыстың қауіпсіз жүргізілуін бақылауды қамтамасыз ету үшін білікті қызметшілер штатын құрады.

12. Жобалау ұйымы КСГ айдау жөніндегі жобалау объектілерінде қауіпті фактор мен тәуекелге талдау жасайды.

13. Оператор Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық нормаларға сәйкес жасалған нұсқаулар бойынша КСГ айдайтын объектіге персоналдың кіруін бақылайды.

14. Оператор КСГ айдау жөніндегі объектідегі барлық жұмыстардың жоспарлануы және жүзеге асырылуы кезінде басшылыққа алынатын рұқсат беру және жұмысқа жіберу жүйесін әзірлейді. Оператор белгілі бір жұмыс түрлеріне (отты, электрлік, шектеулі кеңістіктегі, жердегі, газ қауіпі бар және басқа да) арналған рұқсат беру мен жіберуші-нарядтарды әзірлейді (келіседі), оларды беру тәртібін белгілейді және оларға қол қояды.

15. Оператор КСГ айдау объектісіндегі апаттық жағдайлардың алдын алу жөніндегі барлық қажетті шараларды қабылдайды және апат салдарын жоюға үнемі дайын болуды қамтамасыз етеді.

16. Оператор өндірістегі персоналды (оның ішінде, келісім-шартпен жұмыс істейтін персоналды) оқытады, техника қауіпсіздігі жөніндегі білімін мезгіл-мезгіл тексеріп отырады, тыныс алу органдарын қорғайтын құралдарды пайдалануға болмайтындығын анықтау үшін медициналық тексеруден өткізеді.

17. Оператор есепке алу құжаттамасын жүргізеді және персоналдың техника қауіпсіздігі жөнінде оқудан өткені және емтихан тапсырғаны жөнінде куәлік береді.

18. Оператор КСГ айдау жөніндегі жұмысқа басқа объектілерден уақытша шақырылған персоналды нұсқамадан өткізеді. Нұсқама: өнеркәсіп қауіпсіздігінің жалпы мәселелерін; нақты объектіге жататын өнеркәсіптік қауіпсіздіктің арнайы мәселелерін; жұмыстың орындалуына байланысты персоналдың өмірін, денсаулығын және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қамтиды.

19. Оператор алғашқы медициналық көмек көрсету, өрт қауіпсіздігі, тағы басқа мәселелер бойынша нұсқамадан өткізу үшін иісті мамандарды тартады.

20. Оператор КСГ айдау кезінде қолданыстағы НТҚ қарастырылған жаңа жабдық түрлерін, жаңа технологиялық әдістер мен процестерді қолданған жағдайда, персоналды қосымша оқытып, білімін тексереді.

21. Оператор КСГ айдау объектілерінде ай сайын персоналдың және апаттан құтқару қызметінің бірлескен оқу-жаттығу сабағын келісілген кесте бойынша өткізіп тұрады.

22. Оператор КСГ айдайтын объектілерде теңіз мұнайгаз құрылғыларында жұмыс істейтін персонал үшін техника қауіпсіздігі жөнінде нұсқама өткізеді және төтенше жағдайлар, эвакуациялау кезіндегі іс-қимыл мен теңізде аман қалу жөніндегі практикалық дағдыға үйретеді.

23. Оператор теңіз мұнайгаз құрылғыларындағы КСГ айдау объектілерінде жұмыс істейтін барлық персоналдарды теңізде аман қалу жөнінде нұсқамамен қамтамасыз етеді.

24. Теңіз мұнайгаз құрылғыларындағы КСГ айдау объектілеріне бірінші рет жұмысқа жіберілген персонал 7 күнтізбелік күн бойы жауапты қызметкердің бақылауымен қосымша оқудан өтуі тиіс.

25. КСГ айдау объектілерінде жұмыс істейтін персонал айына кемінде бір рет техника қауіпсіздігі жөнінде оқу-жаттығу сабағынан өтеді.

26. КСГ айдау объектілерінде 60 күннен артық уақыт болмаған персонал техника қауіпсіздігі жөніндегі жаңартылған дайындықтан өтеді.

27. Әрбір КСГ айдау объектісінде өндірістік персонал танысуы тиіс келісілген және белгіленген тәртіппен бекітілген апатты жою жоспары бұдан әрі - АЖЖ) болады.

28. Оператор персоналмен техника қауіпсіздігі, қоршаған орта мен еңбекті қорғау жөнінде айына кемінде бір рет мәжіліс өткізеді және құжаттайды. Құжаттарға мәжіліске қатысушылардың барлығы қол қояды.

29. Оператор КСГ айдау объектісінде жұмыс істейтін персоналды жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етеді және оларды қолдана білуге үйретеді. Оператор берілген жеке қорғаныш құралдарының есебін алып отырады, техникалық қызмет көрсетеді және дер кезінде ауыстырып отырады.

30. Оператор жобаға сәйкес қызметшіге таныс белгілі бір жерлерге өртке қарсы жабдықтарды орнатады және олардың жұмыс істеп тұруын қадағалап отырады.

31. Отпен жұмыс істеу кезінде персонал қолданыстағы НТҚ алаптарын сақтайды, өрттің шығуын болдырмайды және оны жоюды қамтамасыз етеді, өрт шығу көздерін сенімді оқшаулайды және мүмкін болса электр жабдықтарын ажыратады.

32. Барлық КСГ айдау объектілерінде шылым шегуге рұқсат етілмейді.

33. Оператор қауіпсіз еңбек жағдайын басқаруды, КСГ айдау объектілерінің қауіпсіздігін жетілдіруді, персоналды КСГ айдау объектілерінде жұмыс істеуге үйретуді, персоналдың техника қауіпсіздігін бұзуын болдырмайтын жағдайларды қамтамасыз ету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдайды.

34. Оператор КСГ айдау объектілерін жел бағытын көрсететін құрылғымен жарақтайды және оларды іс жүзіндегі талаптарға сәйкес көрінетін орындарға орнатады.

35. КСГ айдау объектілерінен тұрғын үйлерге дейінгі арақашықтық жайластыруға арналған жобалау құжаттамасын келісу кезінде белгіленеді.

36. Оператор операторлық және авариялық қызмет бөлмелеріне: апаттық қоймалардың, жинау пункттерінің орны, газ қауіпсіз болатын алаңдар, өрт жабдықтары және эвакуация бағыты көрсетілген объектілер сызбасын; жедел көмек қызметі мен төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық органның телефон нөмірлері көрсетілген хабарлау жүйесінің сызбасын; персоналдың АЖЖ сәйкес іс-қимылдарының жоспарын қоюы керек.

37. КСГ айдайтын объектілердің жабық өндірістік орындарын Оператор тиісті жылыту, желдету және ауаны кондиционерлеу жүйелерімен жабдықтайды.

38. Газ детекторы мен мәжбүрлеп желдету жүйесін Оператор мезгіл-мезгіл карап, сынақтан өткізіп отырады.

39. КСГ айдау жөніндегі объектілерді жобалауға арналған техникалық тапсырмада Оператор басқа көрсеткіштерден бөлек қабаттағы және айдалатын газдағы күкіртсутегінің бар екенін көрсетеді.

40. КСГ айдау объектілерінен ауаға шығарылатын газды Оператор залалсыздандырады немесе жағып жібереді. Күкіртті КСГ жаққан кездегі жанған өнімнің ауада шоғырлануы ел қоныстанған аймақтағы шектеулі мөлшерден аспауы керек.

41. Құрамында күкіртсутегі бар газды залалсыздандырмайынша немесе жақпайынша ауаға шығаруға рұқсат етілмейді.

42. Өнеркәсіптік канализация жүйесіне құрамында күкіртсутегі бар сұйықты залалсыздандырмайынша құюға рұқсат етілмейді.

43. КСГ айдау жөніндегі объектіні автоматты басқару жүйесіне:

1) басқарудың тиісті қалқанындағы бекіту қақпақтарының орналасу индикациясы;

2) берілетін газ параметрлерін және дабыл беру жүйелерін тіркеу;

3) процесс бұзылған жағдайда компрессорды автоматты түрде өшіру;

4) жұмыс параметрлері бұзылған жағдайда ұңғымаларды автоматты түрде өшіру кіреді.

44. Технологиялық жабдықтар мен ұңғымаларды ашпас, жөндемес, бақыламас, қымтамас бұрын Оператор күкіртсутегіні залалсыздандыру және

пирофорлық түзілімдерді баяулату жөнінде шаралар қабылдайды. Күкіртсутегі, КСГ және мұнай буы шектеулі концентрациядан аспаған жағдайда ғана жұмысқа кіріседі.

45. Оператор жұмыс зонасының ауасына күкіртсутегінің бөлінуі мүмкін орындарда (бұрғы қондырғысында, өнеркәсіптік манифольдтар, газды дайындау, салыстыру қондырғыларында және т.б.) тұрақты автоматты немесе жылжымалы газ дабылдағыштармен ауа ортасын бақылап отыруы тиіс.

46. КСГ айдау объектілерінде жұмыс істейтін персоналға мынадай талаптар қойылады:

- 1) жұмысты осы Ереженің және басқа да қолданыстағы өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі НТҚ талаптарына сәйкес орындау;
- 2) лауазымдық және өндірістік нұсқаулықты қатаң сақтау;
- 3) өндірістегі санитарлық-гигиеналық норманы сақтау;
- 4) оператор басшыларын анықталған ереже бұзушылық, бекітілген жобалық параметрлерден, технологиялық жабдықтар мен процестерді пайдалану режимінен ауытқушылық туралы дереу хабарлау және регламентпен АЖЖ-да қаралған шараларды дереу қабылдау.

4 7 . П е р с о н а л :

1) жұмысты қауіпсіз орындау жөніндегі қажетті техникалық құжаттаманы, қауіпсіздік ережелері мен басқа НТҚ пайдалануға;

2) әкімшіліктен қауіпсіз жұмыс жүргізу үшін нұсқаулық және басқа да НТҚ әзірлеу және ұсынуды талап етуге;

3) қолданыстағы нұсқаулықтар мен ережелерді және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі басқа да құжаттарды жақсартатын ұсыныстар енгізуге;

4) объектінің (жұмыс) басшысына ереже бұзушылықты жою жөнінде ұсыныс беруге, ал оған мән берілмеген және шара қолданылмаған жағдайда техника қауіпсіздігі журналына жазуға және мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарына, жоғары басшыға хабар беруге;

5) туындаған апаттық жағдайларды, төтенше жағдайларды (персонал жарақаттанғанда, жарылысты немесе өртті) жоюға қатысуға құқылы.

48. Басқарушы инженерлік-техникалық персонал қызметті бақылау оның лауазымдық міндеттеріне кірген жағдайда және лауазымдық нұсқаулықпен белгіленсе, қол астындағылар жіберген қауіпсіздік техникасының бұзылуына жауап береді.

49. КСГ айдауды қолдануды Оператор игерудің бір нұсқасы сияқты кен орнын игерудің жобалық құжатында негіздейді. Негіздеудің осы нұсқасында оператор КСГ айдалатын объектілердің тұмшалану дәрежесін, резервуардың геологиялық құрылысын және аймақтың сейсмикалылығын ескереді.

50. КСГ айдау технологиясын қолдана отырып, кен орнын игерудің жобалау құжаттарын Оператор белгіленген тәртіппен келіседі және бекітеді.

51. Объектіні игеруде тұмшалану дәрежесін сақтау үшін КСГ айдауды Оператор кен орнын игеруге арналып бекітілген жобалау құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

52. "Көмірсутегі газдарын өнімді қабаттарға айдау кезінде оператор жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жерасты геодинамикалық үлгілеуді және мониторингті жүзеге асырады.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мұнай және газ министрінің м.а. 2010.07.21 N 252 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

53. Оператор сейсмикалық жағдай мониторингі бағдарламасын жасайды және орындайды.

54. Көмірсутегі газдарын айдау процесіне қойылатын технологиялық талаптарды құзыретті орган белгілейді.